


Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан  
Научно-исследовательский центр «Молодежь»



# ЖАСТАРДЫҢ ДАМУ ИНДЕКСІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

## МЕТОДИКА РАСЧЕТА ИНДЕКСА РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖИ



Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

# ЖАСТАРДЫҢ ДАМУ ИНДЕКСІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

# 1 Жалпы ереже

Жастарды дамытудың пысықталған индексі (бұдан әрі - ЖДИ) 35 индикатордан тұратын жиынтық индексті білдіреді, олар жиынтығында жастарды дамытудың сапалық және сандық деректерін талдайды және облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары тұрғысынан жастар саясатын іске асырудың көп өлшемді прогресін өлшейді.

ЖДИ мақсаты - жастар саясатын талдау және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын жастарға қатысты шешімдердің сапасын арттыру үшін ұсынымдар әзірлеу.

ЖДИ негізіне Британдық Ұлттар Достастығы әзірлеген және БҰҰ мен Дүниежүзілік Банктің деректеріне негізделген индикаторлар жүйесі болып табылатын Жастардың жаһандық даму индексі (Youth Development Index, YDI) анықтаудың халықаралық құралдары алынған. Олар елдік контекст есебімен толықтырылған және соған бейімделген.

ЖДИ мақсаттары үшін «жастарды дамыту» астарында жастардың мәртебесін арттыру, олардың құзыреттері мен өмір сүру мүмкіндіктері негізінде олардың дамуы үшін құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңей-

ту түсінігі жатыр. Бұл жастарға саяси тұрақты, экономикалық өміршең және заң тұрғысынан қолайлы ортадан қоғам өміріне толық қатысуын қамтамасыз ете отырып, үлес қосуға және пайда табуға мүмкіндік береді.

ЖДИ және оның жеті домені әртүрлі өңірлердегі жастар саласындағы ахуалды салыстыруға мүмкіндік береді, бұл қазіргі проблемалар мен мүмкіндіктерді талқылауға, өңірлер арасында тәжірибе алмасуға негіз болып табылады, жастар саясатын іске асыруға жауапты мемлекеттік органдарды өз жұмысының тиімділігін арттыруға ынталандырады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша ЖДИ домендері мен индикаторлары орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен келісілді. ЖДИ нәтижелері орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу, іске асыру және бағалау кезінде есепке алынуы тиіс.

Жастардың даму индексі есептеу орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар және «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы ұсынатын деректер негізінде жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі бірінші жартыжылдық ішінде жүргізіледі.

## 2 ЖДИ құрылымы

Ағымдағы ЖДИ 35 индикатор бойынша 7 доменді өлшейді, оның ішінде 27 - мемлекеттік органның ресми статистикалық деректері бойынша және 8 - «Жастар» ҒЗО өлеуметтік зерттеулерінің нәтижелері бойынша. Статистикалық және өлеуметтік индикаторлардың үйлесуі жастарды дамытудың жан-жақты көрінісін жасауға мүмкіндік береді.

Домендер жалпы жағдайды сипаттайды, жиынтық деректерді қамтиды және жастардың өміріндегі өртүрлі уақыт кезеңдеріндегі обь-

ективті және субъективті өзгерістерге баса назар аударады.

Таңдалған жеті доменге мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары кіреді, бұл оны жалпы жүзеге асырудың тиімділігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, анықталған жеті аспект жастардың өл-ауқаты мен даму деңгейін өлшейтін халықаралық индекстерге сәйкес келуі маңызды, бұл әлем елдері жастарының өл-ауқатын салыстырмалы талдауға қатысуға мүмкіндік береді.

### 1-кесте. ЖДИ құрамы

№	Кіші индекс	Сипаты
1.	Білім	Жастар білім арқылы жетістікке жетеді және білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанады
2.	Денсаулық және өл-ауқат	Жастар физикалық, ақыл-ой, жыныстық және эмоционалды сау
3.	Жұмыспен қамту және мүмкіндіктер	Жастар мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар. Жастардың жұмысқа орналастыру саласында табысқа жету мүмкіндігі бар және қолжетімді баспана алу арқылы өлеуметтік тәуелсіздікке қол жеткізеді
4.	Саяси қатысу	Жастар өздерін бағалайтынды, құлақ асып және олардың өміріне әсер ететін шешім қабылдау процесіне тартатынын сезінеді
5.	Азаматтық қатысу	Жастар қоғамның дамуына үлес қосады және қоғамдық пайдалы қызметке белсенді қатысуға ынталы
6.	Бос уақыт	Жастардың бейресми және қосымша білім беру арқылы бос уақытын қызықты, өртүрлі және пайдалы өткізуге мүмкіндігі бар
7.	Қауіпсіздік және қорғалу	Жастар өздерін қауіпсіз сезінеді және олардың өмірі зорлық-зомбылық пен қауіптен азат

Домендер мен индикаторлар жастар саясатының жекелеген институттары мен жастарға қызмет көрсететін қызметтердің жауапкершілігін анықтау үшін пайдалануға келмейді. Көрсеткіштердің мәні көптеген факторларға және жастар саясатына түрлі қатысушылардың тиімділігіне байланысты. Кейбір факторлар жергілікті биліктің бақылауында болмауы мүмкін және көрсеткіштерді бағалау кезінде мынадай сұрақтан бастау керек: Біз нені өзгерте аламыз, неге ықпал ете аламыз, ал неге ықпал ете алмаймыз?

Жеті бағыт бойынша домендер әрбір өңір үшін ағымдағы басымдықтарды айқындауға, өңіраралық өзара іс-қимылда бар әлеуетті пайдалануға, керек жағдайда қажетті ресурстарды қосуға мүмкіндік береді.

Жастар саясатын жастардың, олардың отбасыларының және

жалпы қоғамның өмірін жақсартуды қажет ететін «көптеген мемлекеттік саясаттың бірі» ретінде қарастыру керек екенін түсінген абзал. Жергілікті, облыстық және ұлттық деңгейдегі сектораралық жастар саясаты қоғам мен елді дамытуға бағытталған басқа да стратегиялар мен жоспарларды толықтыруға тиіс.

Өңірдің жастар саясатын іске асыруды бағалау кезіндегі жүйелі тәсіл тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, жастардың жергілікті деңгейден республикалық деңгейге дейінгі барлық деңгейлердегі қажеттіліктеріне бағытталған, сол кезде қабылданатын шаралардан қолайлы әсер мультипликативтік сипатқа ие болады, қоғам өмірінің өртүрлі салаларына оң әсер етеді.

ЖДИ келесі жеті домен мен осы домендерді өлшейтін 35 индикатор негізінде жастардың дамуын бағалауға арналған:

#### 1) J1. «Білім» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J1.1	Түлектердің жалпы санынан ЖОО мен колледждерге түскен мектеп түлектерінің үлесі (%)	ҚР БҒМ әкімшілік деректері
J1.2	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен білім беруге бөлінген қаражаттың үлесі (%)	ҚР АҚДМ, ЖАО әкімшілік деректері
J1.3	Типтік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту үлесі (%)	ҚР БҒМ әкімшілік деректері
J1.4	Жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейі (%)	«Жастар» ФЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

**2) J2. «Денсаулық және әл-ауқат» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J2.1	Жастар өлімінің деңгейі (%)	ҚР ДСМ әкімшілік деректері
J2.2	15 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар арасындағы жасанды түсік деңгейі (%)	ҚР ДСМ әкімшілік деректері
J2.3	Жастардың жалпы санынан денсаулық сақтау ұйымдарында есірткіге тәуелді ретінде есепте тұрған жастардың үлесі (%)	ҚР ДСМ әкімшілік деректері
J2.4	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен сырқаттанушылық үлесі	ҚР ДСМ әкімшілік деректері
J2.5	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың алкоголизммен сырқаттанушылық үлесі	ҚР ДСМ әкімшілік деректері
J2.6	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар арасында жасалған суицидтер мен суицидке талпыну әрекеттерінің үлесі	ҚР БП ҚСАЕК әкімшілік деректері
J2.7	Әскерге шақырылушылардың жалпы санынан денсаулық жағдайы бойынша ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге жарамсыз деп танылған әскер жасындағы жастардың үлесі	ҚР ҚМ әкімшілік деректері
J2.8	Денсаулығы нашарлағанын байқаған жастардың үлесі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

**3) J3. «Жұмыспен қамту және мүмкіндіктер» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторы	Ақпарат көзі
J3.1	Жастар жұмыссыздығы деңгейі (15-28 жас) (%)	ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық деректері
J3.2	15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі (NEET – ағылш. Not in Education, Employment or Training) (%)	ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық деректері
J3.3	Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санынан жұмыспен қамтылған жастардың үлесі (%)	ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық деректері
J3.4	15-28 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан өзін-өзі жұмыспен қамтитын жастардың үлесі	ҚР СЖРА ҰСБ ресми статистикалық деректері
J3.5	15-28 жас аралығындағы жастар арасындағы сыртқы көші-қон деңгейі (%)	ресми статистикалық деректер

## J3-кестенің жалғасы

Код	Индикаторы	Ақпарат көзі
J3.6	Халықтың жалпы санынан өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартқан, мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғын үй жағдайын жақсартқан жастардың үлесі (%)	ҚР ИИДМ әкімшілік деректері
J3.7	Жастардың жалпы санынан 29 жасқа дейінгі жеке кәсіпкерлердің үлесі	Ресми статистикалық деректер
J3.8	Еңбек нарығының тұрақтылығына сенімді жастардың деңгейі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері
J3.9	Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардар болу деңгейі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

## 4) J4. «Саяси қатысу» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J4.1	Жергілікті өкілді органдарға сайланған депутаттардың жалпы санынан жергілікті өкілді органдарға сайланған жас депутаттардың үлесі (%)	ҚР ОСК әкімшілік деректері
J4.2	Кеңестер мүшелерінің жалпы санынан әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер құрамындағы жастар ұйымдары өкілдерінің үлесі (%)	ҚР АҚДМ әкімшілік деректері
J4.3	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бөлінген қаражаттың үлесі (%)	ҚР АҚДМ әкімшілік деректері
J4.4	Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына 14-29 жас аралығындағы халықтың қанағаттану деңгейі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

## 5) J5. «Азаматтық қатысу» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J5.1	Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТжКБ және ЖОО студенттерінің үлесі (волонтерлік, жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметіне қатысу және т.б.) (%)	ҚР БҒМ әкімшілік деректері
J5.2	Жастар ұйымдарының жалпы санынан қаржыландыру алған жастар ұйымдарының үлесі (мем. әлеум. тапсырыс, гранттық қаржыландыру және т.б.)	ҚР АҚДМ, ЖАО әкімшілік деректері
J5.3	Волонтерлік қызметпен тұрақты негізде (айына бір реттен артық) айналысамын дейтін жастардың үлесі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері



**6) J6. «Бос уақыт және инфрақұрылымға қол жеткізу» домені индикаторлары**

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J6.1	14-тен 29 жасқа дейінгі 100 000 жас адамға шаққандағы жастар ресурстық орталықтарының саны	ҚР АҚДМ, ЖАО әкімшілік деректері
J6.2	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қосымша білім берумен қамтылған 14-18 жастағы оқушылардың үлесі (%)	ҚР БҒМ әкімшілік деректері
J6.3	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, жоғары спорт шеберлігі мектептерінде, олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледждерінде, олимпиадаға дайындық орталықтарында, олимпиада резервін даярлау орталықтарында, балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру клубтарында, балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарда дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастарды қамту (%)	ҚР МСМ әкімшілік деректері
J6.4	Жастардың бос уақытын қамтамасыз ету сапасына қанағаттану үлесі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

**7) J7. «Қауіпсіздік» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторлар	Ақпарат көзі
J7.1	Жәбірленушілердің жалпы санынан/жастардың жалпы санынан жәбірленуші болған (құқық бұзушылықтар бойынша) 14-28 жастағы жастардың үлесі (%)	ҚР БП ҚСАЕК есептілігі
J7.2	Жалпы құқық бұзушылықтар санынан/жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар жасаған құқық бұзушылықтар үлесі (%)	ҚР БП ҚСАЕК есептілігі
J7.3	Өзін қауіпсіз сезінетін жастардың үлесі (%)	«Жастар» ҒЗИ әлеуметтік зерттеу нәтижелері

## 3 ЖДИ дамыту бастамасының тарихы

2015-2016 жылдары «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстан Жастар конгресімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Жастарға мейірімді мекен» пилоттық жобасын жүзеге асырды. Осы жоба шеңберінде жергілікті деңгейде жастар саясатын бағалау индикаторларының жүйесі әзірленіп, сынақтан өткізілді.

Қазақстандағы БҰҰ Балалар Қоры өкілдігінің (ЮНИСЕФ) техникалық көмегінің арқасында индикаторлардың бұл жүйесі «Жастарға мейірімді мекен» жастардың әл-ауқат индексі ретінде пысықталып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілді.

Әлем елдері жастарының әл-ауқатына салыстырмалы талдау жүргізетін жастардың әл-ауқаты мен даму деңгейін өлшейтін халықаралық индекстер жақында пайда болды. Жастардың дамуының бірінші индексі (ЖДИ) 2013 жылы, екіншісі 2016 жылы, ал жастардың әл-ауқаты индексі (ЖӘИ) 2014 жылы жарияланды. Олар жастардың әл-ауқаты мен дамуының негізгі салалары бойынша сапалық және сандық

деректерді талдайтын жиынтық индекстер болып табылады. Индекстердің нәтижелері жастар саясатын әзірлеу, іске асыру және бағалау кезінде ескерілуге тиіс.

2014 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігімен және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қолдауымен жастармен ұлттық онлайн-консультациялар нәтижелері бойынша Қазақстан жастарының әл-ауқаты мен даму индекстерін есептеді. Қазақстандық жастардың әл-ауқат индексі бойынша бағасы 1,00-ден 0,59-ды құрады, бұл ЖӘИ мәні бойынша елдерді саралау кезінде елдердің алғашқы ондығына кіруге мүмкіндік береді, бұл нәтиже табыс деңгейі орташадан жоғары көптеген елдерге қарағанда жақсы. Қазақстанның нәтижелерін тікелей салыстыруға болмағанымен, индикативті түрде әлемнің 31 елінен 10-шы орын (Таиланд және Вьетнаммен бірдей мән) оң болып табылады, сонымен қатар рейтингте 1 – 9 аралығындағы орындарды алатын барлық елдер табыс деңгейі жоғары елдер болып табылады. Жалпы, Қазақстан табыс деңгейі салыстырмалы барлық

елдерден алда келеді, ал кейбір санаттар бойынша нәтижелер табыс деңгейі жоғары Германия мен Жапонияға қарағанда жақсы немесе тең. Бұл білім беру және денсаулық сақтау саласындағы салыстырмалы түрде жоғары бағаларға байланысты.

Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жоғары көрсеткіштер бұл салаларға инвестиция салуды жалғастыру керек екенін білдіреді, бірақ жоғары баға алған санаттар бойынша осал тұстар да байқалды. Үшінші білім беру ұйымдарына түсу қарқынының төмен болуына байланысты білім беру санаты бойынша маңыздылығы төмендеді. Жастардың басым көпшілігі дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын ұстану маңызды деп есептесе де, Қазақстан Иордания, Қытай және Вьетнамнан кейін денсаулық санаты бойынша 31 елдің ішінде 20-шы орында тұр. Бұл Қазақстанға жағдайды жақсарту, атап айтқанда, жастар арасында жарақаттану мен суицид деңгейін төмендету үшін шаралар қабылдау қажеттігін білдіреді. ЖӘИ бағалау жақсартуды қажет ететін бірқатар салаларды көрсетеді. Қазақстан азаматтық белсенділік бойынша төмен мәндерге ие және басқа елдермен салыстырғанда индекс тізімнің соңында орналасады. «Цифрлық пайдаланушылар» саны аз болуы басқа елдермен салыстырғанда АКТ бойынша Қазақстанның мәнін

төмендетеді. Қауіпсіздік пен қорғалу бойынша мәні санат бойынша орташаға жақын болғанымен, Қазақстанның жалпы мәні табыс деңгейі орташадан жоғары, ал кейбіреулері ортадан төмен және табыс деңгейі төмен елдерге қарағанда төмен.

Жастардың әл-ауқат индексі Қазақстандағы жастардың жағдайына жан-жақты көзқарас болып табылады. Бұл жалпы қолайлы көрініс береді, бірақ санаттар бойынша көрсеткіштерді жақсарту қажет. Қазақстанның бүкіл ел жастарына жағымды әсер ететін саясатты іске асыру есебінен жастардың әл-ауқаты индексінің мәнін ұлғайту әлеуеті бар.

2013 жылдан бастап Жастардың даму индексінде (Youth Development Index – YDI) Қазақстанның нәтижелері есептеледі. Жастардың даму индексі (бұдан әрі – ЖДИ) - бұл Дүниежүзілік банк, БҰҰДБ, ХЕҰ және Gallup World Poll сияқты халықаралық көздерден алынған деректерге негізделген құрамдас индекс. ЖДИ есептелген елдер саны 2013 жылғы 170-тен 2016 жылғы есепте 183-ке дейін өсті.

ЖДИ 5 саланы қамтиды: білім беру, денсаулық және әл-ауқат, жұмыспен қамту және мүмкіндіктер, жастардың саяси және азаматтық қатысуы.

2016 жылғы ЖДИ бойынша есеп 18 көрсеткішті қолданады - 2013 жылғы есепке қарағанда үш көрсеткішке артық. Мынадай жаңа индикаторлар енгізілді: «цифрлық ұрпақ», «психикалық денсаулық проблемаларының деңгейі» және

«жасөспірімдердің ұрықтылық коэффициенті».

Төмендегі кесте 2013 және 2016 жылдардағы ЖДИ есептері бойынша Қазақстанның нәтижелерін (мүмкін болған жерде) ұсынады:

ЖДИ	2013 жылғы балл	2013 жылғы рейтинг (орын)	2016 жылғы балл	2016 жылғы рейтинг (орын)	Айырма
Жалпы	0.608	27	0.668	61	+0.06
Саяси өмірге қатысу	0.458	Деректер жоқ*	0.624	81	+0.166
Денсаулық және әл-ауқат	0.58	Деректер жоқ*	0.621	115	+0.041
Жұмыспен қамту және мүмкіндіктер	0.707	Деректер жоқ*	0.712	35	+0.005
Білім беру	0.727	Деректер жоқ*	0.727	100	0.0
Азаматтық қатысу	0.363	Деректер жоқ*	0.594	67	+0.231

\*2013 жылғы ЖДИ есебінде жекелеген салалар бойынша рейтингтер тек Британдық Ұлттар Достастығы елдері үшін ғана жарияланды. Сондықтан 2013 жылы ЖДИ жекелеген салалары бойынша Қазақстан үшін деректер қазіргі уақытта қолжетімсіз.

«Жұмыспен қамту және мүмкіндіктер» және «білім беру» салаларында Қазақстан көрсеткіштің аз ғана жақсарғанын және тоқыраулы жағдайды көрсетті. Білім беру және жұмыспен қамту көбінесе жастар үшін үлкен қиындық тудыратын са-

лалар болып табылады, сондықтан мемлекет осы салаларға көп көңіл бөледі. «Денсаулық және әл-ауқат» саласындағы балл біршама өскен, алайда жаһандық рейтингте Қазақстан өлі де 115-орында тұр.

Жастар қатысқан «саяси өмірге қатысу» және «азаматтық қатысу» салаларында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Ресей мен Еуразиялық өңірге арналған есептің тарауында 2010 және 2015 жылдар аралығындағы кезеңде барлық салалар бойынша өз нәтижелерін жақсартқан жеті елдің ішінде Қазақстанның нәтижесі (10 пайыздық өсім) неғұрлым әсерлі болып табылатыны жазылған. Бұл жақсарту психикалық денсаулық проблемалары деңгейінің төмендеуімен және жастар саясатының жақсаруымен тығыз байланысты.

Аймақтағы көршілерімен салыстырғанда Қазақстан жоғары позицияға ие. Молдова, Беларусь және Армения өз нәтижелерін нашарлатты, бұл ретте Қазақстан Украина, Әзірбайжан, Ресей және Қырғызстанға қарағанда ЖДИ жалпы балында неғұрлым жоғары орташа өсім алды. Бұл Қазақстанды Еуразия өңіріндегі жастарды дамыту саласында жетекші ел (көшбасшы) етеді.

Қазақстан ЖДИ бойынша жалпы балды жақсартқанымен, мұны жағдайдың айтарлықтай өзгеруі деп санауға болмайды. Жалпы

алғанда, балдар тұрақсыз болып қалады, ал басқа елдер қол жеткізген елеулі прогресті есепке ала отырып, Қазақстанның жалпы рейтингтегі нәтижесі 27-ші орыннан 61-орынға төмендеді. Басқаша айтқанда, басқа мемлекеттер алға басқан кезде, Қазақстан сол орнында қалды.

«Жұмыспен қамту және мүмкіндіктер» саласындағы көрсеткіштің шамалы өсуіне қарамастан, ол Қазақстан жаһандық деңгейде көшбасшылар қатарына кіретін сала болып қала береді (35-орын). Сонымен қатар, «білім беру» саласына қатысты жалпы жоғары көрсеткішке қарамастан, Қазақстан жалпы рейтингте тек 100-орын иеленді. Өз аймағындағы басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанның жағдайы жақсы болып көрінгенімен, әлемнің басқа елдері айтарлықтай прогреске қол жеткізуде.

Жастардың әл-ауқаты мен дамуының халықаралық индекстерін есептеуге қатысу тәжірибесі ЖДИ өзірлеу кезінде ескерілді. Осылайша, өңірлік деңгейде жастар саясатының іске асырылуына мониторинг пен талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құрал пайда болды.

## 3 Таңдалған индикаторларды негіздеу

Өңірдегі жастар жағдайына мониторинг жасау және бағалау жүйесі өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын мынадай компоненттерді қамтиды:

### 1. Жергілікті атқарушы органдардың жастарды дамытудағы қызметін бағалау.

Бағалау жүйесіне енгізілген индикаторлар өңірдегі жергілікті процестерді және жастар мен олардың отбасыларының құқықтарын қамтамасыз ету жүйесін талдауға арналған. Статистикалық деректерді жинау және талдау бойынша және басқарушылық шешімдерді қабылдауда талдамалық ақпаратты пайдалану бойынша өңірлердің елеуетін нығайту бағалаудың негізгі компоненті болып табылады. Сонымен қатар, бағалау басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді:

- жастар мүддесі үшін жаңа іс-қимыл жоспарын әзірлеу және қолданыстағы саясатты түзету;
- жастардың қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін

құрылым мен процестердегі өзгеріс;

- жергілікті атқарушы органдар арасында жастардың құқықтары туралы хабардар болу деңгейін арттыру.

### 2. Салалық бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарларының нәтижелерін бағалау.

Бұл индикаторлар жүйесі аймақтық деңгейде шешім қабылдау үшін деректерді талдауды, түсіндіруді, таратуды және пайдалануды жақсартуға және деректерді салыстыру мен талдау және аймақтық жұмыс жоспарларын әзірлеу арқылы жоспарлау процесін қамтамасыз етуге арналған.

Индикаторлар келесі критерийлер мен шарттарға сәйкес келеді:

- өте айқын анықтаманы қамтиды (тізімге қосу/шығару критерийлері, алым/бөлгіш, жасы немесе жас кезеңі, оған деректер және т.б. кіреді);
- сенімді деректер көзі бар;

- барлық аймақтарда белгілі бір уақыт аралығында қолжетімді және тұрақты;
- бір мәнді түсіндірмесі бар;
- жастармен жұмыс жөніндегі мамандарға, лауазымды тұлғаларға және жалпы халыққа түсінікті болып табылады.

### 3. Аймақтың достық қарым-қатынасына қатысты жастардың пікірін бағалау.

Бағалаудың бұл түрі 14-28 жас аралығындағы жастар арасындағы сау-

алнамаларға негізделеді. Сұрақтар келесі салалар бойынша әзірленді:

- - Жұмыспен қамту;
- - Әл-ауқаты;
- - Денсаулық;
- - Спорт;
- - Білім;
- - Қауіпсіздік;
- - Азаматтық белсенділік;
- - Бос уақыт.

Таңдалған ЖДИ индикаторлары негіздемесі:

#### 1) J1. «Білім беру» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J1.1	Түлектердің жалпы санынан ЖОО мен колледждерге түскен мектеп түлектерінің үлесі (%)	Жоғары оқу орындары мен колледждерге түсу білім беру жүйесі сапасының көрсеткіші болып табылады
J1.2	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен білім беруге бөлінген қаражаттың үлесі (%)	Индикатор ЖАО-ның білім беру сапасын арттыруға қызығушылығын көруге мүмкіндік береді
J1.3	Типтік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту үлесі (%)	ТжКБ жастарын қамту білім алушылардың кәсіптік даярлығының көрсеткіші болып табылады
J1.4	Жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейі (%)	Индикатор білім сапасы туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді

## 2) J2. «Денсаулық және әл-ауқат» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J2.1	Жастар өлімінің деңгейі (%)	Индикатор жастар арасындағы өлім динамикасын көруге және оның себептерін анықтауға мүмкіндік береді
J2.2	15 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар арасындағы жасанды түсік деңгейі (%)	Индикатор жастардың жыныстық тәрбие деңгейін көрсетеді, осы мәселелерде медициналық-педагогикалық шаралардың тиімділігін сипаттайды
J2.3	Жастардың жалпы санынан денсаулық сақтау ұйымдарында есірткіге тәуелді ретінде есепте тұрған жастардың үлесі (%)	Бүкіл әлемде қоғам алкоголизм, нашақорлық, уытқұмарлық сияқты қоғамға қарсы көріністермен күресуде.  Есірткі және улы заттарды қолданатын жастар санының өсуі қоғамның психологиялық және физикалық денсаулығының төмендегенін көрсетеді.
J2.4	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен сырқаттанушылық үлесі	Психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының үлесі жастардың психологиялық денсаулығының маңызды көрсеткіші болып табылады
J2.5	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың алкоголизммен сырқаттанушылық үлесі	Алкоголь тұтынатын жастар санының өсуі қоғамның психикалық және физикалық денсаулығының төмендегенін көрсетеді
J2.6	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар арасында жасалған суицидтер мен суицидке талпыну әрекеттерінің үлесі	Жастар арасында жасалған суицидтер мен суицидке талпыну әрекеттерінің үлесі жастардың психологиялық денсаулығы, олардың өмірлік позициялары тұрақтылығының маңызды көрсеткіші болып табылады
J2.7	Әскерге шақырылушылардың жалпы санынан денсаулық жағдайы бойынша ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге жарамсыз деп танылған әскер жасындағы жастардың үлесі	Бұл көрсеткіш бозбалалардың денсаулық жағдайын көруге мүмкіндік береді
J2.8	Денсаулығы нашарлағанын байқаған жастардың үлесі (%)	Индикатор жастардың психикалық және физикалық денсаулығының жай-күйі туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді



**3) J3. «Жұмыспен қамтылу және мүмкіндіктер» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J3.1	Жастар жұмыссыздығы деңгейі (15-28 жас) (%)	Жастар жұмыссыздығы деңгейі есепті кезеңнің белгілі бір күні, соңында халықты жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыз жастардың үлесін көрсетеді. Бұл индикаторды жастардың жұмыспен қамтылуының барынша объективті көрінісін алу үшін NEET жастар үлесімен бірге қарастыру маңызды
J3.2	15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі (NEET – ағылш. Not in Education, Employment or Training) (%)	NEET санатына еш жерде оқымайтын, жұмыс істемейтін, біліктілігін арттырмайтын және жағдайын өзгертуге тырыспайтын жастар кіреді. Мұндай жастарға оны әлеуметтендіруге бағытталған арнайы бағдарламалар мен жобалар қажет. Бұл индикатор еңірлік және республикалық деңгейлерде есептеледі және жастардың әлеуметтену дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді
J3.3	Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санынан жұмыспен қамтылған жастардың үлесі (%)	Бұл көрсеткіш жастардың экономикалық белсенділігін көрсетеді
J3.4	15-28 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан өзін-өзі жұмыспен қамтитын жастардың үлесі	Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын заңнамалық реттеу болмағандықтан, бұл көрсеткіш жасырын жұмыссыздық болуы мүмкін
J3.5	15-28 жас аралығындағы жастар арасындағы сыртқы көші-қон деңгейі (%)	Сыртқы көші-қон деңгейінің өсуі жастардың өз болашағын Қазақстанмен байланыстырмайтынын көрсетеді
J3.6	Халықтың жалпы санынан өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартқан, мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғын үй жағдайын жақсартқан жастардың үлесі (%)	Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзінің тұрғын үйін жақсартқан жастардың үлесі тұрғын үйге қажеттілікті қанағаттандыру аспектілерінің бірін сипаттайды. Осы көрсеткіш бойынша оған жүгінгендер үшін тұрғын үй алу жылдамдығын да бағалауға болады
J3.7	Жастардың жалпы санынан 29 жасқа дейінгі жеке кәсіпкерлердің үлесі	Елімізде жастар кәсіпкерлігін дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Бұл индикатор жастар кәсіпкерлігінің даму көрінісін көруге мүмкіндік береді.

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J3.8	Еңбек нарығының тұрақтылығына сенімді жастардың деңгейі (%)	Қазіргі уақытта біз көптеген сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлер бар қазіргі әлемде өмір сүріп жатырмыз және тұрақтылықты, әсіресе жұмысқа орналасу мәселелерінде сезінудің маңызы зор. Бұл индикатор жастардың байсалдылығы мен сенімділігін анықтауға мүмкіндік береді
J3.9	Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардар болу деңгейі (%)	Жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар болуы жастардың осы шараларды алуға белсенді қатысуына әкелуі мүмкін

#### 4) J4. «Саяси қатысу» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J4.1	Жергілікті өкілді органдарға сайланған депутаттардың жалпы санынан жергілікті өкілді органдарға сайланған жас депутаттардың үлесі (%)	Индикаторлар жастардың шешім қабылдауға қатысуын сипаттайды, бұл жастар үшін жасалған мүмкіндіктерді де, сондай-ақ жастардың өзіне жауапкершілік алуға, көшбасшылық қасиеттерді көрсетуге, басқарушылық құзыреттерді алуға әзірлігін де көрсетеді
J4.2	Кеңестер мүшелерінің жалпы санынан өкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер құрамындағы жастар ұйымдары өкілдерінің үлесі (%)	Индикаторлар жастар өздерін толғандыратын мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіре алатын диалог алаңдарының болуын, сондай-ақ жастардың өзінің белсенділік дәрежесін, оның шешім қабылдайтын адамдармен диалогқа баруға әзірлігін сипаттайды
J4.3	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бөлінген қаражаттың үлесі (%)	Жергілікті атқарушы органдардан МЖС іске асыруға бөлген қаражаты жастардың әлеуметтенуіне және жастар ұйымдарының тұрақты дамуына әсер етеді
J4.4	Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына 14-29 жас аралығындағы халықтың қанағаттану деңгейі (%)	Жастардың пікірі жастар саясаты институттарына қандай да бір проблемаға назар аударуға көмектеседі, өз жұмысында қазіргі жастардың қажеттіліктеріне жауап беруге ұмтылады

**5) J5. «Азаматтық қатысу» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J5.1	Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТжКБ және ЖОО студенттерінің үлесі (волонтерлік, жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметіне қатысу және т.б.) (%)	Бұл индикатор студент жастардың әлеуметтік белсенділігін көрсетеді. Студент жастар - жастардың ең ірі әлеуметтік топтарының бірі
J5.2	Жастар ұйымдарының жалпы санынан қаржыландыру алған жастар ұйымдарының үлесі (мем. әлеум.тапсырыс, гранттық қаржыландыру және т.б.)	Бұл индикатор азаматтық сектордың жастар ортасында даму және қатысу деңгейін бақылауға мүмкіндік береді
J5.3	Волонтерлік қызметпен тұрақты негізде (айына бір реттен артық) айналысамын дейтін жастардың үлесі (%)	Волонтерлік қызметтің дамуы жастардың әлеуметтік белсенділік дәрежесін, оның әлеуметтік мәселелерді шешуге тартылуын көрсетеді

**6) J6. «Бос уақыт және инфрақұрылымға қол жеткізу» домені индикаторлары:**

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J6.1	14-тен 29 жасқа дейінгі 100 000 жас адамға шаққандағы жастар ресурстық орталықтарының саны	Бұл индикатор жастар үшін инфрақұрылымды көрсетуге мүмкіндік береді және өз кезегінде жергілікті жерлерде ЖРО рөлін арттырады.
J6.2	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қосымша білім берумен қамтылған 14-18 жастағы оқушылардың үлесі (%)	Бос уақытты жеке тұлға ретінде жастарды қосымша дамыту үшін әлеуметтік институттармен, әлеуметтік мәдениетпен өзара байланыста пайдалы өткізу қажет. Үйірмелер мен клубтарға бару - бұл жеке қажеттіліктер мен ұмтылыстардың нәтижесі
J6.3	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, жоғары спорт шеберлігі мектептерінде, олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледждерінде, олимпиадаға дайындық орталықтарында, олимпиада резервін даярлау орталықтарында, балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру клубтарында, балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарда дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастарды қамту (%)	Осы индикатор аясында спортпен айналысатын жастардың пайызын бағалауға және жастардың дене белсенділігі деңгейін бақылауға мүмкіндік бар
J6.4	Жастардың бос уақытын қамтамасыз ету сапасына қанағаттану үлесі (%)	Мәдени шаралар арқылы рухани, эстетикалық, интеллектуалдық даму тәрбиеленеді. Сондықтан өткізілетін мәдени іс-шаралар жастардың мүдделеріне сай болуы қажет

## 7) J7. «Қауіпсіздік» домені индикаторлары:

Код	Индикаторлар	Негіздеме
J7.1	Жәбірленушілердің жалпы санынан / жастардың жалпы санынан жәбірленуші болған (құқық бұзушылықтар бойынша) 14-28 жастағы жастардың үлесі (%)	Қауіпсіздік қоғам дамуындағы маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Жас адамның өміріне қандай да бір қауіп-қатердің болмауы - адамның өмірі мен денсаулығына қауіп-қатерден сақтауды қамтамасыз етуді білдіреді
J7.2	Жалпы құқық бұзушылықтар санынан / жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар жасаған құқық бұзушылықтар үлесі (%)	Индикатор жастар ортасындағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін, жастарды әлеуметтендіру бойынша жұмыстың тиімділігін сипаттайды
J7.3	Өзін қауіпсіз сезінетін жастардың үлесі (%)	Бұл индикатор өңір жастарының субъективті қауіпсіздік сезімін анықтауға мүмкіндік береді

## 5 ЖДИ есептеудің қадамдық әдісі

1-қадам. Әрбір индикатор 0-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі, мұндағы 1 - дамудың жоғары деңгейі болып табылады. Әрбір индикатор бойынша тиісті ең төменгі және ең жоғары мәндерді орнату осы процестің ажырамас бөлігі болып табылады. Индикаторларды

есептеу мынадай түрде жүзеге асырылады:

J1.1, J1.2, J1.3, J1.4, J3.3, J3.4, J3.6, J3.7, J3.8, J4.1, J4.2, J4.3, J4.4, J5.1, J5.2, J6.1, J6.2, J6.3, J6.4, J7.3 индикаторларын есептеу формуласы:

Индикатордың мәні

=

$$\frac{X_{\text{нақты мәні}} - X_{\text{ең төменгі мәні}}}{X_{\text{ең жоғары мәні}} - X_{\text{ең төменгі мәні}}}$$

J2.1, J2.2, J2.3, J2.4, J2.5, J2.6, J2.7, J2.8, J3.1, J3.2, J3.4, J3.5, J7.1, J7.2 индикаторларын есептеу формуласы:

$$\text{Индикатордың мәні} = 1 - \frac{X_{\text{нақты мәні}} - X_{\text{ең төменгі мәні}}}{X_{\text{ең жоғары мәні}} - X_{\text{ең төменгі мәні}}$$

## 2-қадам. Домен мен индикаторлар салмағын анықтау:

Домен	Код	Индикаторлар	Индикатор салмағы	Домен салмағы
<b>J1 – БІЛІМІ</b>	J1.1	Түлектердің жалпы санынан ЖОО мен колледждерге түскен мектеп түлектерінің үлесі (%)	0,3	0,12
	J1.2	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен білім беруге бөлінген қаражаттың үлесі (%)	0,3	
	J1.3	Типтік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту үлесі (%)	0,3	
	J1.4	Жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейі (%)	0,3	
<b>J2 – ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ</b>	J2.1	Жастар өлімінің деңгейі (%)	0,3	0,24
	J2.2	15 жастан 18 жасқа дейінгі көмелетке толмағандар арасындағы жасанды түсік деңгейі (%)	0,3	
	J2.3	Жастардың жалпы санынан денсаулық сақтау ұйымдарында есірткіге тәуелді ретінде есепте тұрған жастардың үлесі (%)	0,3	
	J2.4	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен сырқаттанушылық үлесі	0,3	
	J2.5	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қоса алғанда 14-28 жастағы халықтың алкоголизммен сырқаттанушылық үлесі	0,3	
	J2.6	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар арасында жасалған суицидтер мен суицидке талпыну әрекеттерінің үлесі	0,3	

Кестенің жалғасы

Домен	Код	Индикаторлар	Индикатор салмағы	Домен салмағы
<b>J2 – ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ</b>	J2.7	Әскерге шақырылушылардың жалпы санынан денсаулық жағдайы бойынша ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге жарамсыз деп таңылған әскер жасындағы жастардың үлесі	0,3	0,24
	J2.8	Денсаулығы нашарлағанын байқаған жастардың үлесі (%)	0,3	
<b>J3 – ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР</b>	J3.1	Жастар жұмыссыздығы деңгейі (15-28 жас) (%)	0,3	0,27
	J3.2	15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі (NEET – ағылш. Not in Education, Employment or Training) (%)	0,3	
	J3.3	Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санынан жұмыспен қамтылған жастардың үлесі (%)	0,3	
	J3.4	15-28 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан өзін-өзі жұмыспен қамтитын жастардың үлесі	0,3	
	J3.5	14-28 жас аралығындағы жастар арасындағы сыртқы көші-қон деңгейі (%)	0,3	
	J3.6	Халықтың жалпы санынан өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартқан, мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде тұрғын үй жағдайын жақсартқан жастардың үлесі (%)	0,3	
	J3.7	Жастардың жалпы санынан 29 жасқа дейінгі жеке кәсіпкерлердің үлесі	0,3	
	J3.8	Еңбек нарығының тұрақтылығына сенімді жастардың деңгейі (%)	0,3	
	J3.9	Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардар болу деңгейі (%)	0,3	
<b>J4 – САЯСИ ҚАТЫСУ</b>	J4.1	Жергілікті өкілді органдарға сайланған депутаттардың жалпы санынан жергілікті өкілді органдарға сайланған жас депутаттардың үлесі (%)	0,3	0,12
	J4.2	Кеңестер мүшелерінің жалпы санынан әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер құрамындағы жастар ұйымдары өкілдерінің үлесі (%)	0,3	

Кестенің жалғасы

Домен	Код	Индикаторлар	Индикатор салмағы	Домен салмағы
<b>J4 – САЯСИ ҚАТЫСУ</b>	J4.3	Жергілікті бюджеттің жалпы көлемінен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бөлінген қаражаттың үлесі (%)	0,3	0,12
	J4.4	Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына 14-29 жас аралығындағы халықтың қанағаттану деңгейі (%)	0,3	
<b>J5 – АЗАМАТТЫҚ ҚАТЫСУ</b>	J5.1	Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған ТЖКБ және ЖОО студенттерінің үлесі (волонтерлік, жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметіне қатысу және т.б.) (%)	0,3	0,9
	J5.2	Жастар ұйымдарының жалпы санынан қаржыландыру алған жастар ұйымдарының үлесі (мем. өлеум.тапсырыс, гранттық қаржыландыру және т.б.)	0,3	
	J5.3	Волонтерлік қызметпен тұрақты негізде (айына бір реттен артық) айналысамын дейтін жастардың үлесі (%)	0,3	
<b>J6 – БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ</b>	J6.1	14-тен 29 жасқа дейінгі 100 000 жас адамға шаққандағы жастар ресурстық орталықтарының саны	0,3	0,12
	J6.2	Тиісті жастағы жастардың жалпы санынан қосымша білім берумен қамтылған 14-18 жастағы оқушылардың үлесі (%)	0,3	
	J6.3	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, жоғары спорт шеберлігі мектептерінде, олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледждерінде, олимпиадаға дайындық орталықтарында, олимпиада резервін даярлау орталықтарында, балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру клубтарында, балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарда дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастарды қамту (%)	0,3	
	J6.4	Жастардың бос уақытын қамтамасыз ету сәтасына қанағаттану үлесі (%)	0,3	

Кестенің жалғасы

Домен	Код	Индикаторлар	Индикатор салмағы	Домен салмағы
J7 – ҚА-УІПСІЗДІК	J7.1	Жәбірленушілердің жалпы санынан / жастардың жалпы санынан жәбірленуші болған (құқық бұзушылықтар бойынша) 14-28 жастағы жастардың үлесі (%)	0,3	0,9
	J7.2	Жалпы құқық бұзушылықтар санынан / жастардың жалпы санынан 14-28 жас аралығындағы жастар жасаған құқық бұзушылықтар үлесі (%)	0,3	
	J7.3	Өзін қауіпсіз сезінетін жастардың үлесі (%)	0,3	

**2-қадам.**

$$\text{Индикатор салмағының мәні} = i * j$$

мұндағы  $i$  – жеке индикатор салмағы,

$J$  – жеке индикатордың нақты мәні.

**4-қадам.**

$$\text{Домен салмағының мәні} = i * (y_1 + y_2 + y_3 + y_4 + \text{басқ.})$$

мұндағы  $i$  – жеке домен салмағы,

$y$  – индикатор салмағының нақты мәні.

**5-қадам.**

Жастардың дамуының жалпы деңгейі барлық домендердің салмақ мәндерін қосу арқылы есептеледі және нәтиже 1-ден шегеріледі.

$$\text{ЖДИ} = 1 - (J_1 + J_2 + J_3 + J_4 + J_5 + J_6 + J_7)$$

мұндағы  $J$  – Домен салмағының нақты мәні

Есептеу нәтижелері бойынша өңірлердің рейтингі жасалады.



## Қосымша

### Жастардың даму индексінің индикаторларын анықтау үшін әлеуметтік зерттеу сұрақтарының тізбесі

№	Код	Индикаторлар	Сұрақтар																				
1.	J1.4	Жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейі (%)	<p><b>1. Өтінемін, алған немесе алып жүрген білім сапасына қаншалықты қанағаттанатыныңызды бес балдық шкала бойынша бағалаңыз, мұндағы «1» – мүлдем қанағаттанбаймын, «5» – толық қанағаттанамын (әр жолда БІР жауап)</b></p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Білімі</th> <th>Бағалау шкаласы</th> <th>Ж/Қ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td>Жалпы орта білім</td> <td>1---2---3---4---5</td> <td>(99)</td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Техникалық және кәсіптік білім</td> <td>1---2---3---4---5</td> <td>(99)</td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Жоғары білім</td> <td>1---2---3---4---5</td> <td>(99)</td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім</td> <td>1---2---3---4---5</td> <td>(99)</td> </tr> </tbody> </table>	№	Білімі	Бағалау шкаласы	Ж/Қ	1.	Жалпы орта білім	1---2---3---4---5	(99)	2.	Техникалық және кәсіптік білім	1---2---3---4---5	(99)	3.	Жоғары білім	1---2---3---4---5	(99)	4.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	1---2---3---4---5	(99)
№	Білімі	Бағалау шкаласы	Ж/Қ																				
1.	Жалпы орта білім	1---2---3---4---5	(99)																				
2.	Техникалық және кәсіптік білім	1---2---3---4---5	(99)																				
3.	Жоғары білім	1---2---3---4---5	(99)																				
4.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	1---2---3---4---5	(99)																				
2.	J2.8	Денсаулығы нашарлағанын байқаған жастардың үлесі (%)	<p><b>2. Кейінгі жылда Сіздің денсаулық жағдайыңыз қалай өзгерді? (БІР жауап)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақсарды</li> <li>2. Дәлірегі, жақсарды</li> <li>3. Өзгерген жоқ</li> <li>4. Дәлірегі, нашарлады</li> <li>5. Нашарлады</li> </ol> <p>(99) Жауап беруге қиналамын</p>																				

№	Код	Индикаторлар	Сұрақтар
3.	J3.7	Еңбек на- рығының тұрақтылығы- на сенімді жастардың деңгейі (%)	<p><b>3. Сіздің ойыңызша, Сіздің қала/ауыл жастары жұмыс іздеуде және жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап бола ма? (БІР жауап)</b></p> <p>1. Иә, жастар үнемі жұмысқа орналасу проблемаларына тап болады</p> <p>2. Жастар мамандығы бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады. Арнайы кәсіби дағдыларды қажет етпейтін жұмыс табу қиын емес</p> <p>3. Менің қалам/ауылымның жастарында жұмысқа орналасу проблемалары жоқ</p> <p>4. Басқа (жазыңыз) _____</p> <p>5. Мен оқимын, жұмыс іздеп жүрген жоқпын және жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу тәжірибесі жоқ</p> <p>(99) Жауап беруге қиналамын</p> <p><b>4. Егер Сіз жұмыссыз қалсаңыз, өзіңізге лайықты жұмыс таба аламын деп ойлайсыз ба? (БІР жауап)</b></p> <p>1. Мен қысқа мерзімде мамандық бойынша жұмыс таба аламын</p> <p>2. Жұмыс табу белгілі бір қиындықтарды тудырады, бірақ мен үш ай ішінде жұмыс табамын</p> <p>3. Жаңа жұмыс табу – жастар үшін үлкен проблема, жақсы деген жағдайда жарты жыл ішінде жұмыс табамын</p> <p>4. Басқа (жазыңыз) _____</p> <p>5. Мен оқимын, жұмыс іздеп жүрген жоқпын және жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу тәжірибесі жоқ</p> <p>(99) Жауап беруге қиналамын</p>

№	Код	Индикаторлар	Сұрақтар					
4.	J3.8	Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардар болу деңгейі (%)	<b>5. Жастарды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы естідіңіз, білесіз немесе қатысып көрдіңіз? (әр жолда БІР жауап)</b>					
			№	Мемлекеттік бағдарламалар, жастар жобалары	Естуім бар	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
			1.	«Жастар практикасы»	1	2	3	4
			2.	«Дипломмен ауылға!»	1	2	3	4
			3.	«Жасыл Ел»	1	2	3	4
			4.	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	1	2	3	4
			5.	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы	1	2	3	4
			6.	«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы	1	2	3	4
			7.	«Болашақ» халықаралық стипендиясы	1	2	3	4
			8.	«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы	1	2	3	4
			9.	Серпін-2050	1	2	3	4
			10.	Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім	1	2	3	4
			11.	Жастар корпусын дамыту жобасы	1	2	3	4
12.	Жастар кадрлық резерві	1	2	3	4			

№	Код	Индикаторлар	Сұрақтар
5.	J4.4	Мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына 14-29 жас аралығындағы халықтың қанағаттану деңгейі (%)	<p><b>6. Өтінемін, айтыңызшы, Сіз Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына қанағаттанасыз ба? (БІР жауап)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Толық қанағаттанамын</li> <li>2. Дәлірегі, қанағаттанамын</li> <li>3. Дәлірегі, қанағаттанбаймын</li> <li>4. Мүлдем қанағаттанбаймын</li> <li>5. Басқа (жазыңыз) _____</li> <li>6. Мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін (99) Жауап беруге қиналамын</li> </ol>
6.	J5.2	Волонтерлік қызметпен тұрақты негізде (айына бір реттен артық) айналысамын дейтін жастардың үлесі (%)	<p><b>7. Сіз волонтерлікпен айналысасыз ба, егер солай болса, қаншалықты жиі? (БІР жауап)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мен волонтерлік жұмыспен жылына бірнеше рет айналысамын</li> <li>2. Мен волонтерлік жұмыспен айына бірнеше рет айналысамын</li> <li>3. Мен волонтерлік жұмыспен аптасына бірнеше рет айналысамын</li> <li>4. Мен волонтерлік қызметпен айналыспаймын</li> <li>5. Басқа (жазыңыз) _____</li> <li>(99) Жауап беруге қиналамын</li> </ol>
7.	J6.4	Жастардың бос уақытын қамтамасыз ету сапасына қанағаттану үлесі (%)	<p><b>8. Сіздің қалаңызда/ауылыңызда орналасқан демалыс мекемелерінің (оқушылар және жастар сарайлары, үйлері, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б.) сапасы мен жұмысына қанағаттанасыз ба? (БІР жауап)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Толық қанағаттанамын</li> <li>2. Дәлірегі, қанағаттанамын</li> <li>3. Дәлірегі, қанағаттанбаймын</li> <li>4. Мүлдем қанағаттанбаймын</li> <li>5. Басқа (жазыңыз) _____</li> <li>6. Мен демалыс мекемелеріне бармаймын</li> <li>7. Біздің елді мекенде демалыс мекемелері жоқ (99) Жауап беруге қиналамын</li> </ol>
8.	J7.3	Өзін қауіпсіз сезінетін жастардың үлесі (%)	<p><b>9. Сіз өзіңіздің жеке қауіпсіздігіңізге сенімдісіз бе? (БІР жауап)</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Иә, сенімдімін</li> <li>2. Дәлірегі, сенімдімін</li> <li>3. Дәлірегі, сенімді емеспін</li> <li>4. Жоқ, сенімді емеспін</li> <li>(99) Жауап беруге қиналамын</li> </ol>

Министерство информации и общественного развития  
Республики Казахстан Научно-исследовательский центр «Молодежь»

# МЕТОДИКА РАСЧЕТА ИНДЕКСА РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖИ

# 1 Общие положения

Доработанный Индекс развития молодежи (далее – ИРМ) представляет собой сводный индекс из 35 индикаторов, которые в совокупности анализируют качественные и количественные данные развития молодежи и измеряют многомерный прогресс реализации молодежной политики в разрезе областей, гг. Нур-Султан, Алматы и Шымкент.

Цель ИРМ – анализ молодежной политики и выработка рекомендации для повышения качества решений, принимаемых центральными государственными и местными исполнительными органами, касающихся молодежи.

В основу ИРМ положены международные инструменты определения Глобального индекса развития молодежи (Youth Development Index, YDI), который является системой индикаторов, разработанной Британским Содружеством наций и основанной на имеющихся данных ООН и Всемирного банка. Они адаптированы и дополнены с учетом странового контекста.

Для целей ИРМ под «развитием молодежи» понимается – повышение статуса молодежи, расширение прав и возможностей для их раз-

вития на основе их компетенций и возможностей для жизни. Это позволит молодежи вносить вклад и извлекать выгоду из политически стабильной, экономически жизнеспособной и юридически благоприятной среды, обеспечивая ее полное участие в жизни общества.

ИРМ и семь его доменов позволяют сравнить ситуацию в молодежной сфере в разных регионах, что является основой для обсуждения существующих проблем и возможностей, обмена опытом между регионами, мотивирует государственные органы, отвечающие за реализацию молодежной политики, повышать эффективность своей работы.

Домены и индикаторы ИРМ по итогам 2018 года согласованы с центральными государственными и местными исполнительными органами. Результаты ИРМ должны учитываться центральными государственными и местными исполнительными органами при разработке, реализации и оценке государственной молодежной политики.

Расчет Индекса развития молодежи проводится ежегодно в течение первого полугодия следующего за

отчетным периодом, на основе данных предоставляемых центральными государственными, местными

исполнительными органами и Научно-исследовательским центром «Молодежь».

## 2 Структура ИРМ

